Напомним о том, что было сказано выше, где на трех холстах выполнены рисунки первой постановки натюрморта. Все три холста надо начинать писать масляными красками по очереди. Скажем каждый сеанс в аудитории состоит из 3 часов. Следовательно все три холста по очереди начинают писать в разных видах живописи. Например: первый холст рекомендуется начать писать красками жидко подмалевком в станковой живописи в течение 3-х часов. Потом, второй холст как и первый холст, надо писать также жидко подмалевком в станковой живописи в течение 3-х часов, только в авторском индивидуальном живописно цветовом решении. Разумеется, весь процесс письма красками, естественно должен отличаться от первой работы в живописном исполнении, то есть определенно соответствовать авторскому индивидуальному цветовому решению в живописи на плоскости холста. И наконец третий холст в котором предстоит начать писать в нем в декоративно-плоскостной живописи, тоже в течение 3-х часов в станковой живописи жидко подмалевком. Следует покрыть изображенный рисунок предметов с драпировками жидко подмалевком, после этого, всю поверхность

холста: цветом, тепло-холодными цветовыми отношениями и тоном. И конечно же, также как ранее выполненных жидко подмалевком первого, второго холстов и затем третьего холста, чтобы дать время просохнуть подмалевку на поверхности холста.

Живописно-творческий процесс работы над натюрмортами в Современном стилевом направлениях в живописи.

2. Постановку бакалавриаты, магистранты пишут в станковой живописи. Перед изображением натюрморта, следует его внимательно анализируя рассмотреть. Увидеть в натюрморте, какую схему в виде геометрической формы образует его внешний композиционный контур в линиях, например: в виде квадрата, ромба, многогранника, прямоугольника по горизонтали, прямоугольника по вертикали или эллипса и т.д. Далее схему геометрической формы, которая образованная на изображаемой натюрморте предстоит наметить карандашом легкими линиям на форэскизе. Общая форма намеченная линиями на форэскизе или на рисуемой плоскости бумаги, а также же на плоскости холста, как известно будет называться: композиционно-изобразительная плоскость. Потом в этой плоскости тоже легкими линиями следует начать изображение рисунка общей композиции всего натюрморта. В дальнейшем с определением на изображаемой плоскости: на бумаге или на холсте надо конкретно уточнить композицию натюрморта, в ней пропорции предметов, их характеристики и, конечно же, пространственное расположения рисуемых формы предметов путем различного нажатия карандашом на изображаемые предметы и драпировки. В связи с этим естественно в свою очередь, будет тоже уточняться и композиционно-изобразительная плоскость. соблюдая последовательность, желательно корректировать рисунки на трех холстах с изображаемым с натуры натюрмортом. И только после этого можно приступить к живописным изображениям масляными красками на холстах по сеансам, то есть изначально начать писать жидко подмалевком.

Выполнение в современном стилевом направлениях в трех разных видов живописи на трех холстах одного размеров, представляет собой научно-исследовательскую основу изучения письма разных видов живописи во время их практического выполнения. Оригинальные виды живописи в экспериментальном выполнении масляными красками соответственно должны быть связаны с изучением процесса письма трех характерных видов живописи. Стало быть живописное ведение трех холстов по очередности, то есть начало их и завершения в живописи будет, конечно же, в целом не обычное. Следует помнить, работа в живописи особенно на втором, третьем и четвертом холстах в основном предстоит писать в живописи по представлению. Поэтому для этой цели нужны активные действия и определенная дисциплина и к тому же профессиональная подготовка в экспериментальном исполнении такого вида заданий в живописи.

3. Данный натюрморт также пишется масляными красками в станковой живописи, только в авторском индивидуальном-живописно цветовом выполнении

натюрморта. На втором холсте полностью сохраняется композиция и рисунок изображаемого натюрморта. Прежде это связано с той целью, чтобы изменить целиком всю цветовую структуру в живописном изображении на холсте натюрморта по той причине. Когда требуется написать в станковой живописи в авторском индивидуальном-живописно цветовом выполнении натюрморта на плоскости холста. Натюрморт пишется с учетом индивидуального цветового решения, то есть каждый задумывает цветовое решение и пишет натюрморт в живописи индивидуально в своем стиле. В результате эксперимента живописные работы натюрмортов в цветовых исполнениях, конечно же, у каждого будут по своему отличаться. Качественное выполнение второго натюрморта в целом связано с умением работать в формате представления в индивидуально цветовом сочетании красок в совокупности между собой в гармонии, то есть в колористическом решении. При этом надо помнить, что живописно-индивидуальное цветовое выполнение в живописном исполнении, как например: световой, цветовой, тепло-холодные отношения и тон в совокупности должны между собой сочетаться, то есть гармонизировать. Изображение должно представлять целостное видение композиции и в цветовом сочетании в натюрморте на холсте. Выполнение натюрморта в декоративно-плоскостной живописи.

Цветовое решение данного натюрморта пишется по очередности по сеансам масляными красками в декоративно-плоскостной живописи. Поэтому этот вид живописи естественно отличается по сравнению с другими видами живописи. Надо сказать, что цветовое решение выполняется плоскостным методом, где не обязательно лепка формы цветом в трех мерном пространстве. Поэтому весь натюрморт, а именно предметы, драпировки и плоскости следует изображать лишь только в декоративно-плоскостной живописи. Формы предметов, драпировки и плоскости, в целом выполняются подбирая цветовые плоскостные отношения, то есть цветовые составляющие должны в декоративно-плоскостной живописи между собой в обязательном порядке должны гармонизировать. В этой серии живописи не следует моделировать форму в пространстве. Цвета предстоит подбирать декоративно и писать на холсте натюрморт, конечно же, в плоскостной живописи. Например: световые и теневые части определенно надо писать в декоративно-плоскостной форме в живописи. Кроме этого, надо помнить, что декоративно-плоскостная живопись пишется без полутонов, что же касается рефлексов то их не имеет смысла выявлять в этом виде живописи. И, к тому же нет надобности в детализации предметов, а также складки на драпировках. Декоративно-плоскостная живопись пишется на холсте широко без дробности. В связи с этим, декоративно-плоскостная живопись в визуальном сравнении данного натюрморта представляет единое целое, и поэтому, ее декоративность и ее плоскостность, составляют вместе единое пространство и составляя, тем самым декоративно-плоскостную живопись. Творческое выполнение в различных видах трех самостоятельных серий в Стилевых направлениях в живописи желательно писать каждый холст по 3 часа в сеансе, то есть три дня подряд, такой распорядок

в работе несомненно будет в целом продуктивным. Живописная работа над тремя сериями на холстах в трех разных видах живописи в своей основе представляет творческий процесс, так как надо ясно представлять ведения работ разных видов живописи. При этом каждый бакалавриат, магистрант приобретает научно-исследовательские основы ведения письма масляными красками в трех различных видах живописи на трех холстах и профессиональные навыки с применением в живописи 14 - ти составных частей живописного письма по сеансам в живописи. Применения инновационных методов в учебном процессе и в творческой деятельности – это несомненно придаст профессиональную уверенность и положительные результаты при изображении натуральных постановок.

4. Натюрморт в живописи выполняется точечным методом (пуантилизма) масляными красками. Точечный метод (пуантилизм) весьма интересный и в свою очередь наиболее трудоемкий, потому что всю рабочую поверхность бумаги или же холста предстоит выполнить в живописи точечным способом. Представляется начинать писать данный натюрморт таким же практическим способом, как в станковой живописи на холсте жидко подмалевком, то есть цветом, тепло-холодными отношениями и тоном, чтобы покрыть всю изображаемую поверхность. В период работы масляными красками в живописи подмалевком применяются щетинные-плоские кисти с щетинной черного цвета. В (линейном, линейно-плоскостном и линейно-конструктивном). Далее удачную композицию рисунка форэскиза с первого натюрморта, согласовывая композицию и пропорции с натурой первого натюрморта, следует компоновать на большой бумаге ватман. В свою очередь данный рисунок предстоит выполнить в натуральную величину. Затем рисунок с первого натюрморта выполненный на бумаге ватман, надо перевести на плоскости трех одинаковых холстов для письма в разных видов живописи. Кроме этого один из действий необходимо соблюдать в процессе работы в каждом сеансе, а именно во время рисунка и живописи над натюрмортами. В процессе изобразительной работы надо помнить, что временами непременно нужен отход от холста на расстояние. Это нужно для того, чтобы сравнивать ведение работы на холсте с натурной постановкой, а также сравнивать между собой общий процесс ведение разных видов живописи на трех холстах. И, наконец перед 2 - мя последними сеансами, желательно оформить багетом все три холста. В свою очередь, багетные оформления выполненные на трех холстах, придают работам цельность видения и, кроме этого завершенность их письма в экспериментальных натюрмортах. Практическое выполнение трех разных видов живописи на трех холстах является научно-исследовательской и творческой в плане понятия основ ведения культуры живописи по дисциплине Современные стилевые направления в живописи. Практически изображая натюрморты красками в трех разнообразных видах в живописи, надо творчески представлять в каком направлении следует их писать в цветовом решении. Для того, чтобы выполняемые работы с натуры и по представлению были между собой органично связаны в живописи.

Список использованной литературы:

1. Ачилов И.Ш. Философия составления творческой дипломной картины. Астана 2016
2. Ачилов И.Ш. Цвет в академической живописи. Астана 2013
3. Ачилов И.Ш. Кескіндеме натюрморты көркем майлы бояулармен кенеп бетінде бейнелеу. – Алматы: КазГосЖенПи, 2006
4. Беда Г.В. Живопись. Искусство. – М., 1971
5. Вандровская Е. Канафия Тельжанов. – М.: Советский художник, 1973
6. Волков Н.Н. Композиция в живописи. – М.: Искусство, 1987
7. Зайцев А.С. Наука о цвете и живопись. – М., 1986
8. Искусство Казахстана. – Алматы: ТОО «ИДК Кітап – сервис», 2005
9. Крымов Н.П. Художник и педагог. – М.: Академия художеств СССР, 1960
10. Мизанбаев Р.Б. Живопись. – Алматы, 2005; М.: ЭКСМО, 2009
11. Дмитриев Н. Неменский Б.М. - М.: Советский художник, 1971
12. Шашков Ю.П. Живопись и ее средства. – М., 2006

СӘУЛЕТ ӨНЕРІНЕ ОҚЫТУ

Сыдығалиев Дүйсенбай Сыдығалиевич

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
«Сәулет және дизайн» кафедрасының доценті, п.ғ.к.,
ҚР суретшілер одағының мүшесі (Астана қ., Қазақстан)*

Мектептерде бейнелеу өнері сабағында қарастырылатын ең өзекті мәселелердің бірі «Сәулет өнері» жайлы өткізілетін тақырыпқа ерекше көңіл бөлу керек. Бұл тақырып бастауыш сыныптардан басталғаны жөн және әрбір ұстаз үшін зор міндет деп саналу қажет. Сәулет ғимараттарына байланысты ұғым қалыптастыру сәулет өнерінің ежелгі туындыларымен осы заманға үлгілерін, дәстүр сабақтастығын көрнекі әрі жан-жақты жолмен жүргізілуі тиіс.

Сәулеттік таным еңбек және практикалық дағдылармен байланыстырылып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсаттарымен ұштастырыла жүзгізілуі керек. Себебі: осы тақырып мектеп қабырғасында толық қарастырылып отырған жоқ, соның салдарынан оқушылардың сәулет өнеріне деген селқостық аз емес. Негізінен пән аралық байланыста көп қолдану қажет. Сәулет өнері оның негізгі құрылымы болып табылады. Математиканың, географияның / табиғаттанудың, тарихтың, әдебиеттің т.б. Сондай-ақ ежелгі ғимараттардың сәулетін тұрғызу үшін, ең алдымен математикалық есептеулер қажет. Онсыз үйдің құрылысы болмас еді. Ол ғимарат өзін қоршаған табиғатқа бейімді етіп салу үшін географиялық білімді талап етеді. Сондай-ақ кірпіштерге қосылатын қоспасында химияны білу керек. Егер безендіру ою-өрнек көркемді композициялық сәндеу, әсемдеу жайлы айтсақ бүкіл өнерді бойына жинар еді. Яғни қорыта айтқанда барлық пәннің жиынтығын сәулет өнерінен көруге болады.

Ең алдымен оқушыларға оны толық жеткізе алатын мұғалімге де байланысты. Оқушыларға ғасырлар бойы келе жатқан мұралық ескерткіш, ғимараттардың тарихи мәніне қоса безендірілуі, оның қайталанбас өнер шығармасының туындысы екендігі жайлы айтып жеткізу керек.

Сәулет өнерінің ежелгі заманнан бері сақталып келе жатқан мәдени байлығын мәпелей дамытумен бірге, оны тәрбие құралына айналдыру қазіргі кездегі басты міндеттің бірі.

Сол себептен оқушылардың сәулет өнеріне деген көзқарастарының қандай екендігіне көзіміз жеткізу үшін бірнеше мектептерде зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Бұл жерде орта буындағы оқушылар мен жоғарғы сынып оқушыларының арасындағы анкеталық сұрақтарды жүргізумен қоса бейнелеу өнері сабағында сәулет өнеріне байланысты. «Ата-баба мұраларын қорғай білейік» атты «Менің болашақ қалам» деген тақырыптарда сабақ өткізілді. Осы тақырыптарда оқушылардың салынған суреттері, ескерткіш мұраларға деген аяушылық сезімдерін, ойларын ашық түрде қағаз бетіне түсіре білді. Сондай – ақ анкеталық сұрақтарға да өздерінің көкейкесті ойларын жан – жақты жауаптармен жеткізе алды. Бұл анкетамыздың сұрақтары бейнелеу өнерімен қоса сәулет өнеріне арналады, ең алдымен оқушылардың немен айналысатыны, не қызықтыратынын білуге болады.

Мысалы: орта буындағы оқушыларға берілген анкеталық бірінші сұрақтарында мынандай жауаптарды көрдік.

Сұрақ: бос уақытыңды қалай өткізгенді жақсы көресің?

Көбінесе ұл балалар спортпен шұғылдануы, өлең тыңдау, кітап оқу болса, қыз балалар мұндай жаста кестелеу, ән – бимен қатысу деген.

Ал жоғарғы оқушылармен салыстарғанда олар үшін: өлең тыңдау, спортпен шұғылдану, финанс және бизнес үйірмелеріне бару, техникалық байланыс жүйесімен айналысу десе, қыздар: тоқу, би, өлең, тігу, кітап оқу, гүл өсірумен айналысу деп көрсеткен. Осы екі сыныптағы жас ерекшеліктері әртүрлі оқушылардың арасынан бесеуі ғана сурет салуға деген құштарлықтарын байқадық. Мұнда елу оқушының арасынан бесеуі ғана шығып отырғаны қатты қынжылтады. Ауызша сұрақ-жауаптарды өткізгенде «Қандай ұлы суретшілердің шығармашылық туындыларын білесіңдер немесе Қазақстанның суретшілерінен дегенде суреттің атын білсе оның авторын ол қай ғасырдың шығармасы екенін білмейтіндерін естідік. Осы орайда жауаптары бейнелеу өнеріне селқостықтарын танытты әрине, бұндай жауаптарын ешкімді қуанта қоймас еді. Сурет – адамды табиғат көріністерін айналамызды қоршаған неше түрлі оқиғаларды бейнелеу, болмыстағы сан алуан құбылыстарды көз алдымызға әкеледі, осы оқиғаға белсене арласқан кейіпкер ретінде жан дүниемізде ерекше эстетикалық ой сезімін туғызады соның бір тәрбиелік маңызы зор әлеуметтік күшке айналған бейнелеу өнері қуаныш көзі, адамның ақылшысы, жан серігі азығы екенін ұмытпас үшін жас ұрпақ бойында өнерге қызығу сезімі тәрбиелеу міндетті, педагогика қауымының алдағы зор міндеттерінің бірі. Осы оқушылардың енді қандай үйірмелерге

қатысатындығы немесе мүмкіндігі болса тағы қандай үйірмелерге баратын ойлары барын білуге назарымызды аудардық. Осындай сұрақтарға орта жастағы оқушылардың көбісі домбыраға, ән-би үйірмесіне спортқа қатысу, жұмсақ ойыншық жасау дегенді көрсетсе солардың арасындағы 4 сынып оқушылары живопись үйірмесіне қатысатындығын жазған ал әлі де басқа үйірмелерге қатысқысы келетіндері: автоматормоль, дизайн, көркемдік құрастыру, техникалық байланыс үйірмелері. Соған орай жоғарғы сынып оқушыларының жауаптарын салыстыратын болсақ ұл балалардың қатысатын үйірмелері техника, байланыс, спорт пен шектелген. Қыздар домбыра, сәндік қолданбалы өнер, тігін тігу, би үйірмелерін жазып көрсеткен.

Бұл жерде екі сынып оқушылары негізінен қазіргі кезде керекті деп есептейтін үйірмелерді көрсеткен. Ауызша сұрақты жүргізген де көбіне осындай үйірмелерге тірелді. Бір жағынан олардың қазіргі көз қарастарын түсінуге болады, бірақ рухани сезімді байытатын тәлім тәрбие алатын өнерлерді ұлы суретші өз қолымен жазып шығарған туындылардың қасиеттерін ұмытпағанымыз жөн екендігін оқушыларға айтып жеткізуін керектігін айқындайды. Осы берілген сұрақтардың арасында

«Живопись, графика, мүсіндеу, сәулет өнері жайлы үйірмелерге қатысқысы келетіндері кемде кем болады. Мұнда бейнелеу сабағына деген қызығушылық жоқ екенін көрсетеді, бұндай көз қарас өнеріміздің алға жылжуына біраз кедергі болары сөзсіз, сондықтан ондай жағдайларды болдырмастай әрбір мұғалім ат салысу қажет, әліде болсада бейнелеу өнері сабағына көп көңіл, уақыт бөлулері керек».

Анкетамыздың келесі сұрағы: бұл сәулет өнеріне тікелей арналады.

Сізге сәулет өнері ұнайма? Егер ұнаса не үшін, қай жағынан сізге ұнамайды? Деген сұрақтарға оқушылар өздерінің ойындағы жауаптарын жаза отырып, сондай-ақ ежелгі ғимараттар мен қазіргі құрылыс үйлерін салыстырады. Мысалы: 7 сынып оқушыларының бірінен мынандай жауапты оқыдық. Маған Қазақстандағы түркі тілдес елдердегі ежелгі ғимараттары ұнайды, олар өте әсем, көрнекті және берік соғылған, көптеген ғасырлар өтсе де сақталып бізге жеткен, біз оларды болашақ ұрпаққа жеткізе білуіміз керек – деген жолдары, бұл оқушының ежелгі сәулет өнеріне деген жан-ашырлық сезімімен бірге оның әсемдігіне, көркіне, пішініне көз тастап өз ойындағы тұжырымын бере білгені оның әрбір адамзатқа тән міндеттің орындалуына мезгеп отыр. Оқушы бойында өзінің туған жеріне, отанына сүйіспеншілік сезім осындай тағылымдардан бастау алады. Себебі ғылыми зерттеулер тұжырымы бойынша бала шығармашылығының жаратылысы туралы оның сәулеткерлік өнері мен беріле айналысуы өзін қоршаған отраның заңдылықтарын түсінуден тұратын еліктеу әрекетінен көрінеді. Сондай-ақ екінші оқушының осы мәселеге жазылған ойлары сәулетті ғимараттарға деген көз қарастарын қандай екендігін танытады.

«Сәулет өнері ұнайды, қазіргі кездегі салынған құрылыс үйлердің айырмашылығы барын әсіресе Астана қаласының сәулет ғимараттары көңілді,

құрылыста бояу түстерінің қолданылуы, ал ежелгі құрылыстар олар өздерінің ерекшелігі мен көзге түседі, қайталанбайды» – делінген жауаптарды оқығанда олардың қазіргі кезде тұрған үйлерге немқұрайлы қарамауын байқауға болады. Салыстыра отырып ойын жеткізе білуі бұл оқушының, өте сезімтал, байқағыш екенін өз ойлары мен құр алақан еместігін танытты. Осыны оқушы бойында әрі қарай дамыта білсек қуаныш үстіне зор қуаныш болмақ.

Сол сияқы жоғарғы сынып оқушылары өздерінің ойларын аша білген бірақ орта буындарға қарағанда әлде қайта өзгеше. Осы жастағы оқушылар шетелдік сәулет құрылысына деген қызығушылық пікірін білдіреді, солар мен салыстыра отырып ежелгі құрылыстарға да көңіл бөлуі қуантады. Мысалы: 9 сынып оқушысы өз ойын былай сыйпаттайды.

“Сәулет өнері ұнайды, әсіресе ежелгі құрылыстар Айша-бибіні алатын болсақ ол ою өрнектерге өте бай, әдемі, сұлулығы мен көрінеді. Ал қазіргі үйлердің құрылыстары, пішіндері, бәрі бірдей бір келкі салынған.”

“Мен еліміздегі үйлер әдемі, көрікті болса деймін.” – мұнда оқушы өз ойындағы кейбір көкейкесті, көңілінен шықпай отырған ойларын жеткізген.

Қала сәулеті табиғат аясынан жарасымды ұласып, адамдардың оқу мен еңбекпен шығармашылығымен еркін айналысуына тынығуына қолайлы жағдай туғызатындай қоршаған табиғат тазалығына көмектесетіндей бағытта даму керектігіне бағыштайды. Сәулеттік кейбір құрылыстар ұнайды, жақсы үйлер адамның өмірі үшін, қоғам үшін керек. Сол себепті ыңғайлы, көркем, кең, биік, жарық болу керек деп ойлайды. Қазақстанда шетел үйлерінің құрылыстары салынса деген ойларыда байқалады. Осындай ойлары әрбір оқушыны ойлау қабілеті әртүрлі болғандықтан ой тұжырымдары сан алуан. Олар қаламыздағы көңілді құбылыстар болуын тілейді, соған орай анкетамыздың келесі сұрағы “дүние жүзілік сәулеттік өнерінен не білесіз?” Бұл жерде оқушылардың дүние жүзілік сәулетінен не білетідігін, байқағыштығын, оларға деген ықыластарын қандай екендіктерін сезуге болады.

Ең алдымен орта сынып оқушыларымен жауаптары өздері тарих пәнінен оқыған ғимараттарды естеріне алды. Мысыр еліндегі атақты пирамидалар, Үнді жеріндегі мешіттер, Қазақстан жеріндегі шетелге танымалы «Қожа Ахмет Яссауи, Айша-бибі, Қарахан, Арыстан-баб мешіттерін атақты Таджы-Махал, ғимараттарын көрсеткен».

Ал жоғарғы сынып оқушылары Қазақстандағы мешіттермен қоса Үнді еліндегі ежелгі ғимараттары Тәж-Махал, Италиядағы Пизан мұнарасын, Франциядағы соборларды шетелдік құрылыс үйлер т.б. жаза білген. Осындай ойлар оларды Дүниежүзілік сәулет өнерінің қандай мағлұматтарды білетіндіктерін көрсетеді.

Дегенмен әліде болса да әлемнің жеті кереметін білу үшін, көп оқуларын, олардың ізденулерінің байқауларын әсіресе соған итермелейтін жағдай жасау. Слайдалар көрсету сабақ үстінде көркемдік суреттер көрсету, экскурсияға шығу қаланың ежелгі сәулеттік ескерткіштеріне, өлке-тану музейлеріне алып бару

әрбір оқушыға көп әсер етеді.

Анкетаның келесі сұрағы бұл оқушылардың қазіргі кездегі салынып жатқан сәулеттік ғимараттарға деген қандай көз-қарастарда екенін олардың жазған жауаптары арқылы байқауға болады. Сын көзбен жаза отырып көптеген жетіспейтін, қызықтырмайтын мәселелерге көп тоқталады 7 сынып оқушысы Айтжанов Даурен, Естаев Аян өз ойын былай деп жазады:

“Маған қазіргі салынып жатқан сәулеттік үйлер ұнайды, олардың сыртқы пішіндері бірдей ежелгі үй құрылыстарымен салыстырғанда өте нашар, бізді қызықтырмайды әсіресе мөлтек аудандағы үйлер. Бояу түстері бірдей деген.”

Осындай өкпелі сөздер олардың түр-түстеріне, пішіндеріне бірдей екендігіне көңілдерін бөлгендері сәулетт құрлыстарына немқұрайды еместігін білдіреді. Дәл осындай ойлар көптеген анкетанын беттерінен оқуға болады. Олар басқа қалалардың сәулеттік үйлерімен салыстырады.

Мысалы: қазіргі кездегі үйлердің кейбіреулері ұнайды, оларды тек Алматы, Астана қалаларына көруге болады. Басқа қалаларда ондай құрылыстың шамалы екенін оқушылардың қолымен жазған жазуларын оқығанда кейбір аудандардың безендірілмеген бөліктеріне қатты назарларын аударған.

Негізінен алғанда қай жастағы оқушылар болсын сәулет өнерінің ерекше, қызықты, ыңғайлы, көркем және тарихы болғанын қалайды.

Осындай ойлардан кейін оқушыларға сол ойларын қағаз бетіне қалай түсірер еді деген оймен бірнеше сабақ жүргіздік.

Сабағымыздың тақырыбы “Менің болашақ қалам”.

Оқушыларға осындай еркін тақырыпта жағдай жасағаннан кейін олар бірден ат салыса бастады. Негізінен оқушылардың суреттерінен “Қиял-ғажайыпты” ойларымен салынған суреттері, қызықты бояу түстерін таңдай отырып өзінің қуанышты сезімдерімен бейнеленгендері адамды бірден баурап алып кетеді.

Бірақ сол паракқа ойларын тез жеткізу үшін кейбір композициялық тепе теңдікті қағаз бетіне дұрыс орнастыру форма пішінін сақтауда біршама ауытқу байқалды.

Оқушылардың рухани жан дүниесін байыту дегенді тереңірек қарастырған жөн. Жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, сұлулық пен сұымдық ты саналы түрде танып білудің алғашқы баспалдағы мектепте әсіресе бейнелеу өнері пәнінде көру, салу, арқылы қалыптасады.

Мысалы олардың салған суретінде үйдің пішіндері ерекше оған қондырған дөңгелек, үш бұрышты терезелер. Үйдің төбесінде аэрадромдардың орындары және т.б. Ал бояу түстеріне келетін болсақ жылы түстермен үйлесімді етіп бере білген. Ашық аспан, қызылсары түстермен боялған үйлер, көңлді бейнелер, бейбітшілік пен тыныштықты білдіреді. Бұл оқушының ой түпкірінде жатқан ыстық сезім қиял ойлары.

Ал екінші оқушы өзінің ауласының қызықты болуына үлесін қосқандай айнала ауланы қоршаған ертегі жануарлар, дәлірек айтсақ “Уолт Диснейдің” кейпкерлері соның ортасында ойнап жүрген жас бүлдіршінердің жүздеріне күлкі

шаттық, жайдарлы жадырайды. Соған орайда бояу тустері де өте бір-бірімен байланысты. Сол бояулар арқылы көңіл күйді толықтырып тұр.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру жолында әсіресе сәулет өнерінің алатын орны зор. Тұған өлкенің тарихи ескерткіштерімен танысу, айналысу, оқушыларды табиғатты тануына, сулулықты қабылдай білуіне себебін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Герчук Ю.Я. Основы художественной грамоты: Язык и смысл изобразительного искусства: Учебное пособие. М.: Учебная литература, 1998. – 208 с.

2. Миронова Л.Н. Цвет в изобразительном искусстве: Пособие для учителей. – 2-е изд. / Л.Н. Миронова. Мн.: Беларусь, 2003. – 151 с.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІНДЕ АКВАРЕЛЬ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Маханбетжанова Гульнар Маханбетхалиевна

*ҚазҰӨУ «Кескіндеме және мүсін» кафедрасының оқытушысы,
мәдениет саласының үздігі, Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі,
халықаралық суретшілер одағының мүшесі (Астана қ., Қазақстан)*

Бейнелеу өнерінің күрделі бір техникасы - акварельдің кәсіби білім беру бағытында, сапалы жаңа жолы қарастырылып келеді. Ол ұстаздың шеберлігімен, кәсіби білімінің деңгейіне байланысты. Заманауи білім беру жолында бейнелеу өнерінің қандай да болмасын техникасын, салтанатты түрде, шебер сынып ретінде көрсетсе, оқушылар мен студенттер техника және технология бойынша, толық және анық ақпарат алады. Осы салада бір ерекшелігі, ұстаздың шеберлігіне назар аудара отырып, студенттер, кескіндеменің жазу техникаларын, бояудың араластырылуын, жарық-көлеңке өңділіктерін, қойылымның тереңдігін зерттейді. Шеберлігі шындалып, бәсекеге қабілетті кәсіби маман болып тәрбиеленуіне ықпалы жасалады. Шығармашылық белсенділікті арттырудың жолдары ашылады. ҚазҰӨУ колледж және мектеп бағытында акварель жақсы жолға қойылған. Шебер-сынып жоспары алуан-түрлі бағытта қарастырылып келеді. Ұсынылған жоспарды өнер мектептерінің, өнер студияларының және орта және жоғары білім ордасының ұстаздары мен суретшілер кеңінен пайдалануына болады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған білім берудің жаңа жүйесі қалыптасуда.

Білім берудің заманауи жүйесі, халықаралық білім беру стандарттарына сүйене отырып, алғашқы міндеттерінің бірі ретінде қызметтік сауаттылықтың қалыптасуын қарастырады. Нормативтік құжаттарда қызметтік сауаттылықтың қалыптасуы шұғыл түрде дамитын, креативті, жауапкершілікті, бәсекеге қабілетті тұлғаның қалыптасу жағдайы ретінде қарастырады.

Сауаттылықты дамыту аясында келесі біліктіліктерді қамтамасыз етуі тиіс: ұлттық өнер мен әлем халықтарының бейнелеу өнері, Қазақстан халқының көп ғасырлық мәдениеті, бейнелеу өнері және заманауи өнері, кескіндеме туындыларымен таныстыру, көркемдік-эстетикалық талғам мен өнер туындыларын қабылдау мәдениетіне, көркем туындыларды тұтас қабылдау дағдыларын, қоршаған әлемнің сұлулығын көре білу және көркемдік-шығармашылық процестердің жалпы заңдылықтарын анықтай білу біліктерін қалыптастыру.

Бейнелеу өнерінің техникаларын меңгеруде, шебер-сынып арқылы келелі жетістіктерге жетуге болады. Қазіргі таңда алуан-түрлі техникалардың әдіс – тәсілдерін меңгеру жолдары интернет көзінде де, тұнып жатыр. Мәнімен, мақсат қойып өткізу, және оның қорытындысына жету – басты міндет деп ойлаймын. Мақаланың соңында халықаралық шебер-сыныптарда жұмыстарын үздік орындаған оқушылар мен студенттердің акварель жұмыстары енгізілген.

Көркем педагогика саласында акварельді ғылыми зерттеуде – шебер-сыныптың мәні зор. Акварель қарапайым болса да, өте күрделі және нәзік өнер. Ол суретшінің қылқаламды батыл ұстауын талап етеді. ҚазҰӨУ нің мектебі мен колледжінде акварель техникасын үйретуде, үлкен әдістемелік тәжірибе жинақталды. Оны ұлттық мектептің нақышында зерттеп, ғылыми тұрғыда талдап, педагогикалық қоғамның игілігіне айналдыру керек. Акварельмен натюрморт және табиғат көрінісін салу, «кескіндеме және мүсін» мамандығының 7-8-9 сынып оқу бағдарламаларына енгізілген. Онда акварель техникасының даму тарихы, шетел және ұлттық бейнелеу өнерінің қалыптасуын қарастырады. Тәжірибелік сабақтың бағдарламасының негізіне, акварель өнерін меңгеру енгізілген. Осының нәтижесінде шәкірттер сапалы нәтижені шығармашылық, конкурстық, дипломдық (Сур. 3) және қорытынды жұмыстарында көрсетіп отыр. Орындаған жұмыстары көрмеге лайық, және халықаралық деңгейде жүлделі орындарға ие болып жатқаны жайында суреттерден көруге болады. (Сур. 2).

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын алуан түрлі шараларды (семинарлар, конференциялар, шебер-сыныптар, конкурстар, көрмелер) өткізу керек. Балалар көркемөнер мектебі мен өнер мектептерінде кескіндемені оқыту, жалпы көркемдік өнер жүйесінің алғашқы сатысы. Онда оқушылардың шығармашылығын ашатын, шеберлік пен бейнелеу сауаттылығының академиялық негізі қамтылған. Бейнелеу өнері саласында білікті маман дайындауда, балалар көркемөнер мектебі мен өнер мектептерінде сапалы білім берумен тікелей байланысты.

Сондықтан білім берудің жаңа толқыны жағдайында оқытудың шығармашылық бағыттылығын күшейту, болашақ мұғалімнің шығармашылық бағыттылығын қалыптастыруға басшылық жасау педагогика ғылымының негізгі мәселелерінің бірі ретінде анықталып отыр. Өзінің шығармашылық ойын ізденіске және балалардың жеке басының қалыптасуының ең күшті жақтарына сүйенетін, педагогикалық ықпал етудің тәсілдері мен әдістерін қолдануға бағыттау, ұстаз алдындағы келелі міндет. Осы бағытта жылда есеп беру көрмесі мен жеке көрме

ұйымдастыру басты міндеттердің бірі. Жақында өткен «Гүлдің нәрі» атты жеке көрмемді атап кетуге болады. Халықаралық деңгейде де, келелі міндеттер орындалып отыр. Оның бірі Италияда Рим қаласында өткен, «Рим суреттемелері» атты акварель техникасы бойынша, жоғары дәрежеде өткен шебер-сыныпты атап кетуге болады.

Оқытушылардың сапалы білім беру критерияларына ғылыми –практикалық конференциялардағы баяндамалары, семинарларға, секцияларға, дөңгелек үстел, шебер-сыныптарды жиі өткізу.

Осының ішінде шебер-сынып ерекшелігіне тоқталсақ, оқытушының шеберлік деңгейін анық көрсететін іс-әрекеттің бірі. Педагогикалық тәжірибе барысында ресей халық суретшісі С.Н.Андриякидің шебер сыныптарын атап кетуге болады. Кескіндеме саласында, акварель техникасы бойынша алуан түрлі тақырыпта шебер сыныптарды өткізудің ең жарқын көрінісі. Осы ұстаздың тәжірибесін зерттеп, сабақта жиі қолданып, Қазақстанның болашақ жас суретшілерін таңғажайып бояулар әлемімен осы шебер сыныптар арқылы таныстырғым келеді. Менің де алға қойған мақсаттарымның бірі, өзімнің шәкірттеріммен бірге сурет салып, акварель техникасымен жазу технологияларын түсіндіре отырып, шебер сынып арқылы шеберлігімді жастарға жеткізу. (Сур. 1).

Әдебиеттерде көптеген анықтамалар бар, соның бірінде «шебер-сынып» кәсіби шеберліктің жоғары дамуы мен жаңа технологияларды жылдам меңгерудің амалы деп көрсетілген. «Шебер-сыныптың» нұсқалары: факультатив, элективті курс бағдарламаларының іс-әрекетін көрсету; педагог өзінің іс-әрекетінде қолданылатын жеке жұмыс формаларын көрсету; жұмыстың жеке әдістерімен тәсілдерін көрсету; іс-әрекеттің инновациялық сәттерін көрсету.

«Шебер-сыныптар» шебердің жұмыс тәжірибесін презентациялайтын бір рет қана немесе «шебер-сынып сериялары» бірнеше курс бойынша өтуі мүмкін. «Шебер-сыныптарды» шығармашылық, тәжірибелік іс-әрекеттердің алуан түрін меңгеру көзқарасымен анықтайтын болсақ, сәндік өнер мен бейнелеу өнерінің түрлері бойынша жұмыс жасау қабілетін меңгерудің заманауи тәсілі дерміз. Бейнелеу өнері бойынша «шебер-сыныптар» келесі бағытта болуы мүмкін: сурет салудың дәстүрге жатпайтын техникасы; кескіндеме және графиканың алуан түрлі техникалары; қоршаған орта құбылыстары және заттар әлемі (натюрморт, портрет, табиғат, жануарлар және т.б.). Ал сәндік қолданбалы өнер бойынша бағытын атап кетсек:

алуан түрлі материалдарды көркем өңдеу;

халық өнері бойынша көркем шығармашылық мәтіні;

алуан түрлі көркем материалдармен жұмыс жасау техникалары (гобелен, кілем тоқу, қыш, фарфор, керамика және т.б. техникалары).

Шебер-сыныпты ұйымдастыру және өткізу жоспарын қарастырайық. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады.

Дайындық кезеңі:

1. «шебер-сыныптың» тақырыбын, шығармашылық іс-әрекеттің түрін, оны орындайтын техниканы көрсететін бұйымды таңдау;

2. бағдарламаны құрастыру және «шебер-сынып» жоспарын дайындау;
3. теориялық, көрнекілік, әдеби және музыкалық қатарды іріктеп алу;
4. тәжірибелік жұмысқа қажетті материалдарды іріктеу (құралдар, материалдар, станоктар, жұмысқа арналған құрал-саймандар);
5. таңдап алған техника бойына орындалу кезеңдері мен жұмыс жасау тәсілдерін игеріп алдын ала дайындап алу;
6. «шебер-сыныпты» орындайтын автор жайында экспресс-презентацияны орындап, тапсырманы меңгеріп, кезеңдері бойынша және «шебер-сыныптың» тәжірибелік бөлімінің презентациясын орындау;
7. қатысушыларға арналған тарататын әдістемелік материалдарды дайындау: «шебер-сынып» бағдарламасы, аннотациялар, буклеттер, жұмыстың орындалу кезеңдерінің суреттері, видео материалдар.
 - Титул парағы (мекеме аты, «шебер-сынып» тақырыбы, іс-шараның атауы, автордың немесе шебердің аты, жөні, өткізілу мерзімі, уақыты, өтетін орны)
 - «Шебер-сынып» жайында жалпы мағлұмат: «шебер-сынып» тақырыбы, «шебер-сынып» мақсаты мен міндеттері; шебер сынып аудиториясы: қатысушылар (кімдер үшін өткізіледі, кімдер қатысады); шебер сыныпты ұйымдастыру мерзімі (ұсынылатын уақыт 1 сағат 40 минут); қатысушылар саны (8-ден 16-ға дейін); шебер сыныпты материалды жағынан қамтамасыздандыру және шеберхана талаптары (қай жерде өтеді, өтетін орынның безендірілуі – дәрісхана, шеберхана, студия, сахна және т.б.); қажетті құралдар – мультимедиа, компьютер және т.б., әдістемелік қатары: презентациялар, оқу құралы, үлестіретін материалдар, материалдар, құрал-саймандар (оқытушы мен оқушыларға арналған); тәжірибелік маңызы мен күтетін нәтижелер.
 - «Шебер-сыныптың» негізгі бөлімі теориялық және тәжірибелік тармақтардан тұрады.



Сурет 1 Махамбетжанова Г.М. «Алмалар». Акварель, қағаз

Теориялық бөлімге презентациямен бірге сөз сөйлеу, тәжірибелік бөлімде әр қадам бойынша суреттің немесе фото суреттің жұмыс кезеңдері көрсетіледі.

Фото суреттер сапасы жағынан өте жоғары болуы қажет, 520x480 пикселден болуы мүмкін.

Фото суреттер рет ретімен безендіріледі, алдымен орындауға арналған дайын жұмыс, екінші сурет жұмыс жасауға арналған құрал-саймандар (олардың нақты талдаулары), одан кейін шебер сыныптың басынан соңына дейінгі кезеңдері.

Қазіргі таңда шебер сынып оқытудың және жаңа білім алудың қолайлы түрі болып келеді. Шебер сыныптың артықшылығы, бұл қысқаша теориялық бөліммен жеке жұмыстың үндестігі арқылы тәжірибелік білім мен дағдыға ие болып бекітуге бағытталады.

Шебер сынып жоғары біліктілікті дамытудың шағын курсы секілді. Онда мамандар көріп, білгісі келген ақпаратқа ие болады. Шебер сынып – бұл жаңа технологиялармен, авторлық ұсыныстар мен жаңа әдістемелермен танысу мүмкіндігі болып табылады.

Оқытушының педагогикалық іс-тәжірибесінде, баланың қызығушылығын танып білуден, түсінуден бастау алу керек деп ойлаймын. Оқушының бойындағы шығармашылық белсенділік, жеке жұмыс жасай білуі мен үшін маңызды. Өнерге, өзі таңдаған мамандыққа деген сүйіспеншілігін, конкурстарға көбірек қатыстыру арқылы, талпыныстарын жігерлендіріп, жеңімпаз атандырып, шебер сыныптар арқылы дамытамын.

Оқу және тәрбие жұмысы, педагогикалық ғылымның жаңалықтарымен байланысты, педагогикалық іс-әрекеттегі жүйелі тоқтам. Білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы және жаңа деңгейге, жоғары жетістікке көтерілуі, жүйелі тоқтамға сүйенумен байланысты.


Оқу үрдісінде, алдыңғы қатарлы оқу әдістемесін қолданып, педагогикалық үрдісті басқару, болжам жасау, білім алушының өзін өзі жетілдіруін ұйымдастыру және жоспарлау әдістерін қолданамын.

Білім берудегі жаңа технологиялар, білім алушының мәдени тұлға болып қалыптасуын, бойындағы қызығушылығын нығайта түседі. Шығармашылық бағытты, ғылыми әдістемелік жолмен ұштастыра білу керек. Авторлық шебер сынып жұмыстары (сур.1, 2)



Сурет 2 Махамбетжанова Г.М. «Қуаныш гүлі» Натюрморт. Акварель, қағаз

Лауреат атанған шәкірттердің еңбектері 2017 (Италия, Рим-халықаралық конкурс – көрме). Саметов Әділ, 1 – курс кескіндеме (сур.2)



Сурет 3 «Менің университетім». Акварель, қағаз
Үздік дипломдық жұмыстар 2017.
Есболов Ержан, 9 сынып



Сурет 4 «Римге саяхат» Акварель, қағаз
Үздік дипломдық жұмыстар 2017.
Есболов Ержан 9 сынып



Сурет 5 «Өнер атрибуттары», акварель, қағаз



Сурет 6 Скрипкамен натюрморт

Студенттердің халықаралық шебер-сынып жұмыстары-2017 жыл



Сурет 7 Жандильдин Хангерей. Натюрморт.
Акварель, қағаз. 2017



Сурет 8 Саметов Адиль. Натюрморт. Акварель,
қағаз 2017

Әдебиеттер тізімі:

1. Претте, М.К. Как понимать искусство: Живопись. Скульптура. Архитектура. История, эпохи и стили: Пер.с ит. / Претте, М.К., Джорджис, А. Де. – М.: Интербук-бизнес, 2002. – 432с.
2. Пучков А.С., Триселев А.В. Методика работы над натюрмортом: Учеб. пособие для студ.худож.-графич.фак.пед.ин-тов по спец. № 2109 «Черчение, рисование и труд». – М.: Просвещение, 1982. – 160 с., ил.
3. Русский натюрморт/Болотина И.С.. – М.: Искусство, 2000. – 63 с.: ил.

КЕСКІНДЕМЕ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУ ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сыдығалиев Дүйсенбай Сыдығалиұлы

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
«Сәулет және дизайн» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының
кандидаты, ҚР суретшілер одағының мүшесі (Астана қ., Қазақстан)*

5B042100 – «Дизайн» 5B042000 – «Сәулет», мамандығы білімгерлерінің көркемдік таным, эстетикалық талғамын және дағдысын қалыптастыруда академиялық живопись, академиялық сурет, композиция курсына натюрморт оқу тапсырмасы ретінде негізгі орындарының бірін алады.

Геометриялық денелерден тұратын қойылымдар сияқты, натюрмортқа қажетті заттар түр айырмашылықтары мен әлсіз түрлі-түстің қанықтық принциптеріне негізделі отырып, таңдалып алынады. Заттардың алғашқы қойылымдардағы ашық бояулары алғашқыда түсінік қатынастарды анықтағанда және кеңістік құруда едәуір қиыншылықтарға ұшыратады.

Алғашқы қойылымын ерекшелендіру үшін түстік айырмашылықтар енгізу керек. Натюрморттағы композициялық орталық – үлкен масштабтылығының және заттардың негізгі формаларының анықталғанымен, сонымен қатар түстік айырмашылықтарымен анықталады.

Берілген оқыту кезеңінде ендігі жерде натюрморт қойылымында оқу тапсырмаларын (немесе міндеттерін) шешумен қатар, оның тақырыптық мазмұнын міндетті түрде ашып көрсету керек, мысалы ретінде, қара түстік қыш гүл ыдысы немесе сүт құятын қыш ыдысы, фаянсты кесе, бір бөлше нанның жартысы, ағаш шыбық, көк пияздың бір бумасын алып, олардан натюрморт құрастыру керек.

Натюрморт қойылымын жасаған кезде оның эстетикалық жағын да ұмытпаған жөн, бұл жағдайда оның мазмұндық және оның пластикалық біртұтастығын айғақтауға тырысу керек.

Қойылымда заттар түрлерін және оның кеңістіктегі жағдайын (орнын) дұрыс көрсету үшін жарықты жанынан емес алдынан түсіріп қолданған дұрыс.

Композициялық натюрморттың орталығына басқа да заттарды қойып,

суретшінің шығармашылық жұмысына қарай: үстелдің бос қалған жеріне май құйылған шиша түстік немесе еріткіш, ал дуалға репродукцияны іліп қояды. Осы және тағы басқа заттар суретшінің жұмыс орнына жағымды мінездеме береді. Бұл қойылымды жарықты заттық көлемін ғана көрсететін құрал ретінде пайдаланбай, тақырыптық құрал ретін де және натюрморттың мазмұнына көп әсер ететінін ұмытпаған жөн.

5B042100 – «Дизайн» 5B042000 – «Сәулет», мамандығы білімгерлеріне кескіндеме пәнінен натюрморт қойылымын орындау 2 – курста аяқталады, онда төмендегідей тақырыптарда осы мәселе қарастырылады: «Тұрмыстық мазмұндағы натюрморт қойылымы» «Тақырыпқа арналған натюрморт», «Контрасты байланыстағы натюрморт» т.б осы бағытта әрбір қойылым ғылыми, шығармашылық оқу міндеттемесін аша алатындай, табиғи талаптарға сай болатындай қабілетте болуы керек. Онда бейнелеу өнеріндегі түрлі-түсті қатынастардың негізгі заңдылықтарын меңгеру, бейнелеу өнеріндегі заттардың формасын, түсін, фактурасын, материялын беру тәсілдерін зерттеу.

Қойылым үшін ыдыс пен басқада инвентарьларды іріктей отырып заттардың формаларын ғана әр түрлі етпей, оның көлемін, материалын, фактурасын, түр мен түсіне әртүрлілікті қамтамасыз етуі.

Натюрморт қойылымын ірі де айыруға оңай заттардан бастаған жөн, сонымен қатар тақырыптық қатынастағы айқындылық та керек. Осылардан композициялық орталық құрылуы керек – натюрморттың басты бөлігі. Мысалы, түсі бойынша нейтралды фонды қабырғаның тереңінде және бір жағына қарай үлкен де көк кастрөлді, бір бас орамжапырақ және бір кесек етті қоюға болады; үстелдің алдыңғы шетіне қарай суы бар ақ кірленді, пышақ пен жұмысқа дайын еттартқыш бекітілген. Осылардың барлығы композициялық орталықты құрайды. Артқы қараңғылаған бөлігінде әртүрлі азық салынған бәнділер орналасқан ас үй жиһазы орналасуы мүмкін. Бір жағында картоп, сәбіз не көк пияз, сонымен қолсұртпені орналастыруға болады, жарықты жоғарыдан және алдыңғы бөлікте тұрған заттардың кішкене артынан беру керек, осындай қойылым мағынасы мен пластикалық жағынан қызық болуы мүмкін. Немесе мағыналық құрылымының анық көрінісі бар тақырыптық қойылым ұйымдастыруға болады.

Мысалға алынған тақырып: «Интерьерде орналасқан натюрморт»

Оқу міндеттері:

Алдыңғы қойылымдарда алынған композициямен түстер, форма заттары туралы білімді тереңдету мен кеңейту.

Сонымен қатар Синтез бойынша жұмыс істеу, заттарды мақсатты түрде бағындыру және белгілі бір құрылымды көрсету үшін барлық бейнелеу құрылымын қолдану.

Белгілі бір натюрмортты белгіленген тақырып бойынша дайындау үшін бірнеше эскиздің нұсқасын яғни ішіндегі ең жақсысын тандап натюрморттың композициясын құруға дайындық жасап кірісу керек.

Суретшінің жұмыс орны оның сюжеті бола алады. Үстелдің үстіне яғни ең

көрінетін жерге қолданылған бояулар мен майлы бояуларды, қылқалам салынған банкілерді қою керек. Жанына қолданылған бояулардың тюбиктерін және бояу сүртілген мата қалдығы; ал палитраның келесі бұрышына салынған екі-үш этюдты қою қажет. Палитра мен қылқалам салынған банкінің жанына анатомиялық гипстен жасалған мүсін немесе тағы сондай мүсінді бастың бейнесін қою қажет. Бұл қойылған палитра, қылқалам салынған банкі, түрлі-түсті бояулар және жалпы осы бейне суретшінің дұрыс композициялық шешім қабылдауына көмек береді.

Натюрморт қойылымын игеру барысында суреттің негізгі қағидаларын жақсы меңгеруіне көмектеседі және білімгерлердің шығармашылық дамуына да қамтамасыз етеді. Әр түрлі заттардан натюрморт салғанда, перспектива заңдарын терең меңгереді, түсті еркін меңгеруін үйренеді, өйткені суретте тек қана заттар көлемін және олардың арасындағы қашықтықты көрсетуін, сонымен олардың түсін, материалдығын және фактурасын көрсетуіне тура келеді. Әсіресе 1-2 курс білімгерлеріне натюрморт суретін жақсы меңгеруі қажет. Бейнелеу өнері және сызу мамандығы білімгерлерін оқытуда натюрморт негізгі орындарының бірін алады.

Натюрморт салуға кіріскенде, форма бойынша өте күрделі заттардың көп мөлшерін алуға қажет емес, екі-үш заттан құралған натюрморттан бастаған жөн.

Натура қойылымды құрастыру кезінде әсіресе ынтамен және ойланып түсіне қарау керек. Түсін натура қойылымына енгізу оқу қойылымында күрделі міндетін құрайды. Перделерден жасалған түсі натюрморттың кездейсоқ элементі болып табылмайды әр заттың формасын дұрыс бөлуге немесе жарық бетінің шетін белгілеуге көмектесетін тек сыртқы әсер болып табылмайды. Бұл білімгерге заттар орналасқан шындық кеңістікті беруге көмектесетін сол қажетті және алдын-ала ескерілген элемент. Әр заттың формасы мен оның көлемін анық көрсету үшін, яғни олар жаңа «оқылуы» үшін, барлық қойылымды дұрыс жарықтандыру керек.

Натюрмортты қойып, асықпай әдістемелік бір ізділігін сақтап, жұмысты бастау керек.

Біріншіден, дұрыс жай көзқарасты талап етеді, екіншіден, өзгерілмейтін тәртіпті талап етеді, барлығыда көркем-образдық ойын өсіреді. Натюрморт қойылымын орындау алдында, кеңістікте заттардың орналасуын ынтамен зерттеп шығу қажет, олардың түсі бойынша қарым – қатынастарын, әрбір зат формасының өзгешелік ерекшеліктерін заттар формасы мен фактурасын қалай және қандай құралдармен дұрыс беру болатынын, қандай материалды пайдаланған жөн – графитті қалам немесе көмір, пастель акрил т.б.

Арнайы пәндерден оқу қойылымын композициялық шешіммен бастау қажет. Қағаз біркелкі толтырып тұратындай етіп заттар жинақтау өте маңызды. Ол үшін ойша заттардың барлық тобын бір бүтін етіп қосу керек және қағаз форматымен (көлемімен) қиыстыру керек. Бұл жағдайда заттар тобы үшбұрышқа жазылады. Оны қағаз форматына құрастыру керек. Астына қарағанда, үстінде көбірек орын қалдыру қажет. Сонда көрерменде заттар кеңістікте «Жүзіп жүргені» емес, жазықтықта тұрған әсер болады.

Заттар қағаздың шетіне тіреліп тұрмағанын, керісінше, көп бос орын қалмағанына қарау керек. Композициялық міндет шешілгенде, заттар формасының сипатын және олардың пропорциясын беруге кірісуге болады.

Заттар формасының сипатын және олардың пропорциясын беру, алдымен, әрбір заттың орнын, оның биіктігі мен енін анықтаймыз. Осы екі өлшемді анықтап болып, заттар формасының сипаты мен олардың пропорциясын, сонымен кеңістікте заттардың орналасуын белгілейміз, қағазға жай ғана қаламмен жүргізіп. Мұның бәрін тез істейміз. Алдымен бөлек заттардың формасы мен өлшемдерін талдап қорытындылаймыз, осы кезде қате болған жағдайда оңай түзеу үшін. Бұл кезде оларды бір – бірімен әр уақыт салыстырып отыру керек. Сонымен бірге заттың бөлшектері арасындағы ара қатынасын анықтаймыз. Білімгердің көзі уақыт сайын бір заттан екіншіге «секіріп тұру» қажет және бір зат екіншіден қаншалықты үлкен екенін белгілеп тұру керек, ал қолы, көзі соңынан еріп жүріп, суреттегі бақылау нәтижелерін белгілеп отыру қажет.

Заттар нұсқасын анық салу керек емес, бұл кездегі белгілердің міндеті тек форманы белгілеу. Заттар формасының сипаты мен оның өлшемдері дұрыс табылған кезде ғана, әрбір затты бөлек сараптауға көшу қажет. Заттар формасының конструктивті шешілуі бұл жұмыстың ең жауапты және қызу кезеңі ол білімгерден форма туралы қатаң қисын пікірлерді, дерексіздікті, бейнелі түсінікті талап етеді. Егер біз жұмыстың алдыңғы кезеңінде үстірт бақылаумен және көз жұмысының нәтижелерін белгілеумен шектелсек, онда қазір суретте форма құрылысының ерекшеліктері туралы пікірлер нәтижесін, яғни форманың конструктивті негізін беруді белгілеуіміз керек.

Алдымен «конструкция» (құрылма) термин (ғылыми атау) деп түсінетінімізді анықтап алуымыз керек. «Құрылма» сөзі латынша *constructia* – деп шығады. Бұл дегеніміз «жоспар», «құрылым», «құрылу», бөлшектердің ара қатынасы мен өзара орналасу дегенді білдіреді. Құрастыру дегеніміз – анықталған жоспарға сай ұйымдастыру, жасау, салу, жинау.

Суретте «құрылма» сөзі ретінде заттың сыртқы формасын анықтайтын форма құрылысындағы ішкі органикалық тұрақты байланыстарды түсінеміз.

Құрылма – бұл форма негізін белгілейтін қаңқа. Форма құрылмасын талдап отырып, білімгер өзіне заттың құрылысын оның барлық көре көрінетін, сонымен көрінетін құрамды бөлімдерін елестету керек. Жазықтықта көлемді шындық суретті жасау үшін кеңістікте заттың беті қалай орналасқанын олар қоршаған кеңістіктен шектелгенін, яғни көлем қалай қайда болатынын дұрыс түсінуі қажет. Мысалы, натурадан куб салған білімгер көрінетін беттерін талдаумен шектелмеу керек, ал осы көз қарастан көрінбейтін басқа беттерін елестетуге тырысу қажет. Басқаша айтқанда, алдыңызда тұрған затты тұнық, мөлдір ретінде елестету керек. Құрылма заттың жалпы формасының бөлімдері қалай орналасқанын түсіндіреді, зат құрылысының заңдылыққа сәйкес бөлімдері қалай орналасқанын түсіндіреді, зат құрылысының заңдылыққа сәйкес бөлімдерінің өзара байланысына көрсетеді. Құрылыс жағынан жөнге салынған сурет болып, формасының архитектурникасы,

бөлімдерінің мөлшерлестігі және ритмикалық құрылысы табылады. Суреттегі сызықты – құрылымды негізі форма жасау жұмысының негізгі кезеңі болып табылады. Ол зат туралы анық қисық ойлау мен пікірлерді талап етеді.

Психологиядан белгілі: бір рет көру үш өлшемнің толық көлемін бермейді, оған көмекке абстракты ойлау келу керек. Табиғатта тану танудың диалектикалық заңына бағынады, нақты көруден абстракты ойлауға және практикаға сонымен, заты формасын құрылмалы талдау бір ғана бақылау және көрумен шектелмейді.

Заттар көлемін анықтауда алдымен қағазда жай ғана қаламмен сызып, заттарға көлеңке өткізу керек. Бұл заттардың негізгі салмағын оны көруге көмектеседі, олардың арасындағы пропорциялық ара қатынасын тағы да тексеру керек, өйткені сызықты суретте заттар көлемі анық оқылмайды, сондықтан қателер көрінбей қалады. Кейін жартылай көлеңке салу керек, көлеңкені күшейтіп, заттардан түскен көлеңкені түсіне бояу керек.

Оқу міндеттер қиындаған сайын білімгерге өзінің білім мен дағдыларын кеңейту қажет. Сондықтан натюрморт салу бойынша әдістемелік нұсқау бергенде, біз сол кезде білімгердің назарын оқу суреттің ғылыми негізге аудартуға тырысамыз. Кезең бойынша жұмыс жүргізіп, әрқашанда есте сақтау керек, білімгерлердің міндеті – тек қана сурет процесін меңгеру емес, сонымен ғылыми теориялық білімнің белгілі көлемін меңгеру.

Бәріңе белгілі, суретте заттар көлемі перспектива және жарық көлеңке құралдарымен берілетіні зат бетінде жарық біркелкі орналаспайды, форманың бір жерлеріне көбірек жарық берілген, басқаларына азырақ. Жарық кеңістікте және заттар бетінде жарық белгілі бір таратылу заңдары бар екенін ғалымдар (физиктер) бақылаулары көрсетті. Жарық түсіру заңдары, перспектива, құрылма, анатомия заңдары сияқты нақты және белгілі. Оларды әрбір білімгер білу керек.

Қорыта келе, натюрморт технологиясын игеру жолында білімгерлерді көркем тәрбиелеу барысында дағдыға, олардың жан-жақты үйлесімді дамуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мастер-класс. Натюрморт. Шаг за шагом. М.Аст.Астрель, 2006, 98б.
2. О.Жаңбыршиев. «Кескіндеменің техникасы мен технологиясы». Алматы, 2004. – 18б.
3. Ә.Төлебиев. Сурет сала білесің бе?. Алматы «Өнер» 1990. – 20б.

ЗНАЧЕНИЕ СОХРАНЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИН ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Самарканова Фарида Самигуллиевна

*старший преподаватель кафедры «Сценография и декоративное искусство»
Художественного факультета Казахского Национального Университета
Искусств (г. Астана, Казахстан)*

